

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

«Диана» Жоғары медицина колледжі білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері

1.Жалпы ережелер

1.1. «Диана» Жоғары медицина колледжі білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері. Қазақстан Республикасының Ата заңы, «Білім туралы» заңы, сонымен қатар колледж жарғысы негізінде білім алушылардың оқу және тәртібін сақтау үшін сақталған.

1.2. Колледж білім алушылары кәсіби техникалық білім беру бағдарламасы бойынша колледж директорының бұйрығымен қабылданады.

1.3. Ішкі тәртіп ережелері барлық колледж білім алушыларының міндетін орындау.

2.Колледжді басқару

2.1. Колледжде өзін-өзі басқару ұйымдары, колледж кеңесі, педагогикалық кеңестері құрылған.

2.2. Колледж кеңесі білім беру мекемесінің басшылық істерін жүзеге асырушы басшылық болып табылады. Оның шешімін барлық білім алушылар мен қызметкерлер мұлтіксіз орындауға тиіс.

2.3 Педагогикалық кеңес колледждегі педагогикалық, тәрбиелік, оқу-өндірістік, әдістемелік жұмыстарға бағыт-бағдар береді.

2.4. Директор колледжі басқаруды жүзеге асырушы тікелей жауапты тұлға.

2.5. Директор колледжі басқарады, әкімшілік және педагогикалық қызмет арқылы шешім қабылдайды.

2.6. Колледж әкімшілігіне директормен бірге атқарушы директор орынбасары, білім меңгерушісі, тәжәрибе меңгерушісі, әдіскер кіреді. Директор әрбір әкімшілік мүшелерінің құқығын, міндетін бөледі.

2.7. Атқарушы директор колледждің бірінші орынбасары болып табылады, оған барлық педагогикалық қызметкер, колледж студенттері тікелей бағынышты.

2.8. Колледж әкімшілігі бұйрықтары мен тапсырмалары сонымен қатар пед.қызметкерлер мен студенттер мұлтіксіз орындауға міндетті.

3.Білім беру процесін ұйымдастыру.

3.1 Колледждегі білім беру процесі кәсіптік білім беру қажеттілігі мақсатында, кәсіби даярлық жолмен білім беру бағдарламалары, оқу жұмыс бағдарламасы мен оқытылатын пәндерді қамтиды.

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

3.2 Білім беру процесіне теориялық оқу, өндірістік (кәсіптік) тәжірибелік, тәрбиелік жұмыстар жатады. Ол оқу жоспарымен жылдық күнтізбелік оқу кестесімен, сабақ кестесімен есептеледі.

3.3 Оқу жоспары пед.кеңесте қаралып бекітіледі, колледж директоры қол қояды .

3.4 Күнтізбелік оқу кестесі, күн тәртібі мен сабақ кестесін колледж директоры бекітеді. Колледждің оқу жоспары мен оқу кестесін Мемлекеттік өкімет ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңнамалары негізінде өзгертуге құқылы.

3.5. Колледжге азаматтарды қабылдау колледждің қабылдау арызы конкурстық негізінде ережеге сай қабылданады.

3.6. Колледж әкімшілігі азаматтарды қабылдауда оларды және олардың ата-аналарын, (ата-аналарын алмастыратын тұлғаларды) колледж жарғысымен таныстыруға, сонымен қатар колледждің оқу процесімен оқушылардың және ана-аналарының (оларды алмастыратын тұлғалардың) құқығы мен міндеттерімен таныстыруға міндетті.

3.7. Колледждегі білім беру мандықтар бойынша оқу топтарында жүргізіледі. Әрбір топты басқару үшін директор бұйрығымен сынып жетекшілері бекітіледі.

3.8. Күндізгі білім алушылары үшін оқу жылы 1 қыркүйектен бастап, 5 маусымда аяқталады.

3.9. Білім алушыларға кемінде 1 жылға 10 апталық демалыс беріледі. Қысқы мезгілде 2 апта көлемінде демалыс беріледі. Күнтізбелік демалыс мерзімі оқу жоспарына сәйкес құрастырылып жасалады.

3.10. Колледжде 6 күндік апталық жұмысы бекітілген.

3.11. Күнделікті оқу уақытын бөлу, колледждің білім беру бағдарламасы мен күн тәртібімен есептеледі.

3.12. Колледждің теориялық сабақтар кестесі:

1ауысым

сабақ - 8сағ. – 9сағ. - 30мин.

сабақ - 9сағ. 40мин. -11сағ. 10мин.

сабақ - 11сағ. 30мин. – 12сағ. 50мин.

2 ауысым:

0 - сабақ – 11сағ. 20 мин. – 13сағ. 00мин.

сабақ - 13 сағ. 30 мин. – 15сағ. 00 мин.

2- сабақ – 15 сағ. 10 мин. – 16сағ. 40мин.

сабақ – 16 сағ. 50 мин - 18 сағ 20 мин.

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

Үйірме сабақтары, спорт секциялары кесте бойынша жүргізіледі.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағат $45 \times 2 = 90$ минут ұзақтықта орнатылады.

3.13.Тәжірибелік сабақ кестесі:

I ауысым 8 сағ- 14 сағ. 30 мин

II ауысым 14 сағ. -18 сағ. 30мин

Тәжірибелік сабақ ұзақтығы 2-6 академиялық сағат, өндірістік және біліктілік тәжірибеге 6 астрномиялық сағат бөлінеді. Білім алушылардың апталық жалпыға бірдей оқу жүктемесі 36-40 сағаттан аспайды.

3.14. Жалпы білім беру және кәсіби бағдарламаларды меңгеру білім алушылардың білімдерінің көлемі мен сапасының, қабілеттері мен машықтарының меңгерілетін білім беру бағдарламаларының, біліктілік сипаттамаларының, мемлекеттік білім беру үлгісінің талаптарына сәйкестігін анықтау үшін оларды міндетті қорытынды аттестациялаумен бақыланады және аяқталады.

3.15.Білім алушылардың мамандығын мараптау және келесі курсқа көшіру құқықтық актілер іс-шаралары директордың бұйрығымен бекітіледі.

3.16.Білім алушыларды колледжден шығару жергілікті актіге сәйкес тәртіпке сай директор бұйрығымен бекітіледі.

3.17.Колледждің толық курсын аяқтаған білімалушыларға мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

3.18.Білім алушы тарапынан туындаған сұрақтар мен мәселелер топ басшылары, сынып жетекшісі, колледж әкімшілігі арқылы шешіледі.

3.19.Колледждегі жастар, кәсіподақ тағы басқа заңды-қоғамдық ұйымдар, бірлестік, қозғалыстар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес колледж кеңесінде реттеледі.

Өзге құқықтық тәртіппен тіркелмеген ұйымдармен шұғылдануға тыйым салынады. Бұл қағида жеке насихатшыларға, арандатушыларға таралуы тиіс. Аталған қағидалардың орындалуына колледж әкімшілігі жауапты.

4.Білім алушылардың құқығы мен міндеттері:

Тараптық құқықтар мен міндеттер колледжге қабылдану туралы бұйрық шыққаннан бастап күшіне енеді. (Колледж бен студенттер, олардың ана-аналары, заңды өкілеттік келісім шарт негізінде)

Білім алушылар Қазақстан Республикасының заңнамалары мен Адам құқығы Декларациясына сүйене отырып құқықтарын қорғай алады.

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

Білімалушылар құқылы:

4.1. Таңдалған мамандық бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен біліктілік сипаттамаларына сәйкес орта техникалық және кәсіби білім алуға; кәсіби даярлықты алуға.

4.2. Колледждің жедел басқаруындағы немесе иеленуіндегі кітапхана-ақпараттық ресурстарды, құрал-саймандарды, жабдықтарды, құралдарды, ғимараттарды және т.б. тегін пайдалануға.

4.3.Өзін-өзі басқару тәртібімен колледж ережесі негізінде колледж жұмысының мәселелеріне қатысуға.

4.4. Адамның қадір-қасиетін, ар-намыс бостандығын құрметтеуге, өзінің жеке көзқарастары мен пікірлерін еркін білдіруге (ҚР заңдарының, құқықтық актілерінің, Колледждің Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережесін, сонымен қатар басқа азаматтардың құқықтарын бұзбай).

4.5. Өз еркімен Колледжде бір білім беру бағдарламасынан басқа бағдарламасына Колледж анықтайтын тәртіпте ауысуға.

4.6.Сабақтан бос уақытта жұмыс істеуге;

4.7.Оқу кезеңін табысты аяқтағанда, оқудан қол үзуге немесе тәртіп бойынша басқа бөлімге ауысуға;

4.8.Медициналық көрсеткіш немесе басқа ерекшеліктерде білімалушы академиялық демалыс алуға құқылы.

Білім алушы міндетті:

4.9.Қазақстан Республикасының заңдары мен Конституцияда көрсетілген азаматтық міндеттерді орындауға;

4.10.Колледж жарғысын білуге және орындауға, Колледж ішілік, құқықтық тәртіптерді сақтауға;

4.11.Таңдаған мамандығын жақсы оқуға, барлық оқу жоспарында көрсетілген тапсырмаларды орындауға;

4.12.Емтихандар мен сынақтарды дер кезінде тапсыруға;

4.13.Үй тапсырмасын ұқыпты, таза, мезгілінде орындауға;

4.14.Оқу жоспарында көрсетілген сабақтар мен іс-шараларға белсенділікпен қатысуға;

4.15. Тәртіпті ұстану және сақтау, Колледждің барлық оқу және басқа да ғимараттарында тазалық пен тәртіпті сақтау, Колледждің оқу корпусы мен оқу

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

корпусының қосалқы ғимараттарын және маңайындағы аумақтарын тазалау бойынша іс-шараларға тұрақты түрде қатысу;

4.16. Сыпайы болу және колледждің білім алушыларының, оқытушыларының, қызметкерлерінің адамдық қадір-қасиеті мен пікірін құрметтеу, басқа тұлғалардың пікіріне шыдамдылықпен қарау, кез келген қоғамға қарсы көріністерге төзбей қарау;

4.17. Колледж қабырғасында және клиникалық базаларда бекітілген медициналық формамен ауыстырылатын аяқ киім тәртібін сақтау. Теориялық сабақтарда медициналық ақ халат, қалпақ кию міндетті. Тәжірибелік сабақтарда хирургиялық костюм, халат, қалпақ ауыстырылатын аяқ киім болуы міндетті.

Діни конфенсияға жататын киім элементтері медициналық форма үлгісіне рұқсат етілмейді;

Дене шынықтыру сабақтарында тиісті үлгідегі форма кию міндетті ;

Өзін колледжде, көшеде, қоғамдық орнында , күнделікті өмірде тәртіпті, ұқыпты, лайықты ұстау. Ұл балалар қысқа шаш, таза қырынған, қыз балалар ұқыпты жиналған шаш үлгісісінде болуы міндетті;

4.18. Тәртіпті әрі ұқыпты болу, Колледжде, көшеде, қоғамдық орындарда және тұрмыста өзін дұрыс ұстау. Бозбалалардың шаштары қысқа етіп қиылуы, тегіс алынған, қыздардың шаштары ұқыпты жиналған болуы қажет;

4.19. Білім алушылар аудиторияға оқытушылар, әкімшілік өкілдері кірген кезде орындарынан тұрып қарсы алуға міндетті;

4.20. Оқу сабақтарының кезінде оқытушылардың түсіндіргендерін және жолдастарының жауаптарын мұқият тыңдау, сөйлемей, алаңдамау, оқытушының барлық нұсқауларын орындау. Сұрақтар қойып, жауап беру, оқытушының рұқсатымен ғана тұру және отыру. Сабақ кезінде аудиториядан оқытушының рұқсатымен ғана кіру және шығу.

4.21. Оқыту үдерісінде, еңбекте және тұрмыста қауіпсіздік, өмір мен денсаулықты қорғау шаралары мен ережелерін білу және орындау. Салауатты өмір салтын ұстану. Колледжде және клиникалық базаларда және олардың аумағында шылым шекпеу.

4.22. Колледждің жеке меншігін сақтау. Колледж ғимараттары мен аумағында орнатылған тәртіп пен тазалықты сақтау және ұстану. Жабдықтарды, құралдарды, құрал-сайманды, ғимараттарды пайдалану ережелерін сақтау.

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

4.23. Оқу жоспарымен орнатылған мерзімде оқытудың кезекті кезеңдерін аяқтау бойынша аралық аттестациядан, оқудың барлық курсын аяқтағаннан кейін қорытынды бітіруші біліктілік аттестациясынан өту.

4.24. Білім алушының кінәсінен Колледжге тигізілген материалдық залалды өтеу.

4.25. Ауыру немесе басқа да дәлелді себептер бойынша сабаққа келмеген кезде бұл туралы бөлім меңгерушісіне, сынып жетекшісіне, топ старостасына ескерту қажет. Сабақтарға қатыспау себебі білім алушының бұл туралы бөлім меңгерушісін, сынып жетекшісін, топ старостасын ескертпей, сабаққа кірісіп, үш күн ішінде ақтап шығатын құжат әкелмеген жағдайда дәлелсіз себеп болып саналады. Ауырған жағдайда білім алушы амбулаториялық, емдеу мекемесі немесе Колледждің медициналық пункті берген белгілі бір формадағы анықтамасын ұсынуға міндетті.

4.26. Себепке байланыссыз өткізіп алған теориялық сабақтарды сабаққа шыққаннан кейін 10 күн ішінде өтеуі қажет, дәлелсіз себептермен өткізіп алынған теориялық сабақтарды емдеу мекемесінде кіші медициналық персонал ретінде оқу материалын пән бойынша оқытушыға тапсыра отырып өтеуі қажет. Дәлелсіз себептер бойынша сабақтарды өтеу ақылы.

4.27. Білім алушылар босалаушылық, құқық бұзушылық, төбелес фактілері үшін колледж білім алушыларының қатарынан шығарылады;

5. Білім алушыларды мадақтау және шара қолдану

Колледжде сабақ оқушылардың адамдық ар-намысын қолдау назарға алынады. Физикалық немесе психикалық күштеуге жол берілмейді.

5.1. Оқыту процесінде, қоғамдық және басқа жұмыстарға белсене қатысқан білім алушыларға қағидалық мадақтау тағайындалады.

Мадақтау туралы шешімді сынып жетекшісі мен әкімшілік ұсынысмен колледж директоры шығарады.

Мадақтау түріне төмендегілер жатады:

- Алғыс;
- Студенттің ата-анасына алғыс хат;
- Мақтау қағазы.

5.2. Оқу процесіндегі талаптарды орындамағаны, себепсіз сабақ қалдырғаны, колледждің ішкі тәртібін сақтамағаны үшін білім алушы жазаға тартылады, колледжден шығарылады.

5.3. Шара қолдану түрлеріне төмендегілер жатады:

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

- Ескерту;
- Сөгіс беру;
- Оқудан шығару.

5.4.Әкімшілік білім алушыға бұзушылықты – оның жағдайын, себептерін, салдарларын, бұзушы тұлғасын алдын ала талдамай тұрып жаза қолдануға құқығы жоқ. Жаза бұзушылық белгілі болған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей салына алады. Бір бұзушылық үшін тек бір жаза қолданыла алады.

6. Оқу топтарындағы ішкі ұйымдастыру жұмыстары.

6.1.Әрбір оқу топ тарындағы білім алушылар өз ішінен топ басшысын сайлайды, ол тікелей сынып жетекшісіне бағынады.Топ басшысын оқу жылы бойына сайланады.

6.2.Тәжірибелік оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында оқу топтары топшаларға бөлінеді, әр топшаға топ басшысы сайланады.Топ басшасын сынып жетекшісі сайлайды.

6.3.Оқу тобы топ басшылығының міндеттері:

- Сынып жетекшілері болмаған жағдайда оқу топтарының жұмыстары ұйымдастырылады;
- Оқу тобын басқаруда сынып жетекшісі көмектеседі;
- Колледждің қоғамдық жұмыстарына оқу тобын ұйымдастырады, іш-шараларға тартады;
- Оқу тобында тәртіпті қадағалайды:
- Колледжде әкімшіліктің басқару ұйымдары тарапынан оқу тобы арасындағы байланысты жүзеге асырады.
- Топта кезекшілік жұмысты атқару үшін кезекшілік кестесін жасайды, топ басшысы кезекшілік кестеге кірмейді, кезекшілікті атқармайды;
- Ай сайын оқу бөліміне топ білімалушыларының сабақ үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы ақпарат беріп отырады.

6.4.Топ басшысының нұсқау мен тапсырмасын оқу тобындағы барлық білім алушылар мүлтіксіз орындауы тиіс.

6.5.Қызметшілер білім алушылар арасында топ басшысының беделін көтеріп, қолдап отыруға міндетті.Олар студенттердің сабаққа толық қатысуын, ескертулер мен шара қолдануға құқылы.

6.6.Топ басшысы тәртіп бұзған жағдайда директор бұйрығымен орнынан алынады.Мұндай жағдайда кезектен тыс жаңа топ басшысы сайланады.

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

6.7. Барлық оқу топтарының топ басшылары колледж кеңесі өзін өзі басқаруда білім меңгерушісімен ақылдаса отырып топ басшысы (староста) басқарады.

7. Білім алушыларды аудару және қайта қабылдау.

7.1. Колледжден үлгермегені үшін, ішкі тәртіп ережесін сақтамағаны себепті, төлемақы оқу ақысы шығынын қалыпқа келтіру шарты мен коллежге қайта қабылдана алады.

7.2. «Диана» Жоғары медицина колледжіне өзге орта медициналық білім беру мекемелерінен ауысу «Білім беру» ұйымдарының білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау Қазақстан Республикасы өкіметінің 19-қаңтар 2012 19-қаңтар 2012 № 110 бұйрығымен бекілген ережесіне сәйкес жүргізіледі.

7.3. Оқу жылының басында үміткер қайта қабылдану немесе ауысу үшін колледж директорының атына бұйрық көшірмесін немесе колледжден шығарылуы туралы академиялық анықтама ұсынылуы тиіс.

7.4. Колледжге қайта қабылданған білім алушыға барлық өтілген сабақтар бағасы қойылған сынақ кітапшасы беріледі.

7.5. Оқу ақысын төлемегендіктен шығарылған білімалушы 4 апта ішінде төлесе, қайта қабылдана алады.

7.6. Басқа оқу орнынан «Диана» медицина колледжіне ауысып келгендер жіберіледі:

- а) Коллеждегі оқыту тобында курс пен мамандығы сәйкес келуі;
- ә) Анықтама мен сынақ кітапшасында көрсетілген айырмашылықтардың тізімі кемінде 4 оқу пәндер айырмашылықтарын жою реті мен сабақ мерзімі директордың бұйрығымен бекітіледі.

8. Білім алушыларды колледжден шығару.

8.1. Білімалушыны оқудан шығару педагогикалық кеңес шешімімен колледж директорының бұйрығымен іске асады.

8.2. білімалушыларды әкімшіліктің бастамасымен науқастануына байланысты, демалыс уақытында, академиялық демалыс және жүктілік пен босану кезінде оқудан шығаруға тыйым салынады.

8.3. оқудан шығану төмендегідей негізде жүзеге асады:

- 48 сағаттан астам және семестр бойы себепсіз жиі сабақ қалдырса;
- оқуды жалғастыруға ниеті болмаса;
- аралық және қорытынды аттестацияда үлгермесе;
- өндірістік тәжірибеде үлгермесе;

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

- колледж жарғысының талаптарын, ережесін үнемі, әрі өрескел бұзса;
 - медициналық көрсеткіштер бойынша;
 - білімалушының кәсіптік машығы білінгенде;
 - білімалушының колледжде алкогольдік ішімдік пайдалануы байқалғанда;
 - есірткілік препараттар қабылдау мен тасымалдауда;
 - заңдық күшіне енген сот үкімі;
 - оқу ақысының келісімшартта көрсетілмеген мерзімінде орындалмаған жағдайда.
- 8.4. колледжден шығарылған адамға алған білім мөлшері мен көлеміне әсер ететін академиялық анықтама беріледі.
- 8.5. Сабақтан тыс уақытта білімалушы жасаған қылмыстары мен іс-әрекеттер үшін колледж жауапты емес.

«Бекітемін»
«Диана» Жоғары
медицина колледж
директоры Ахметова Б.Б. _____
«____» _____ 2024ж

**«Диана» Жоғары медицина колледжі білім алушыларына арналған
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ**

«ДИАНА» Жоғары медицина колледжі мекемесі		Учреждение Высший медицинский колледж «Диана»
Сапа менеджменті жүйесі		
ПП МКД-29-2017	Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері	

Жаркент қаласы
2024-2025 оқу жылы